

ӘӨЖ 821.512.122 09.01

Геогр. ғылымд. докторы Қ.Т. Сапаров *
Геогр. ғылымд. канд. А.М. Сергеева **
И. Бекзатқызы **

ЖЕМ ӨЗЕНІНІҢ ТОПОЖҮЙЕСІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ГИДРОНИМ, ЗООНИМ, ПАТАМОНИМ, БАЙЫРҒЫ ЛАНДШАФТТАР, МЕАНДРА, СУДЫҢ МИНЕРАЛДАНУЫ, ЖАЙЫЛМА, СУ ТАСҚЫНЫ, ИНДИКАТОР-ТЕРМИН

Мақалада Жем өзені алабының топонимикасы қарастырылады. Топожүйе жағдайында тарихи-географиялық тұрғысынан сипатталған. Сонымен қатар гидронимдердің топонимдермен өзара байланысы жөнінде сөз болады.

Кез-келген аймақтың топонимиялық жүйесінде жергілікті табиғат ерекшеліктерінен хабар беретін атаулар тобы көрнекті орын алады. Физикалық географияның нысандарын атауда халық ең алдымен табиғат жағдайларының шаруашылыққа қатысты белгісін таңдап алады. Бұл жөнінде тарихи география саласындағы зерттеулермен айналысқан ғалым В.С. Жекулин былай дейді: «географиялық атаулар сан ғасырлық шаруашылық әрекеттің нәтижесінде қалыптасатын табиғатқа деген көзқарасты бейнелейді» [3]. Бұл ретте ландшафтының топонимикалық келбеті туралы мәселе көтеріледі. Біздің анықтауымыз бойынша, ландшафтының топонимикалық келбетін нақты географиялық ландшафттың ерекшеліктерін бейнелейтін, белгілі бір түріне сәйкес жиынтығы болатын, негізгі терминдер құрайтын географиялық атаулардың тобын қалыптастырады.

Зерттеудің негізгі нысаны болып Жем өзенінің алабына жататын өзендер топтамасы *Жем (Ембі), Құндызды, Әулие, Құмжарған, Үшқаттысай, Талдысу, Темір, Атжақсы, Жайынды, Көкпекті, Ақшолақ, Шатырлысай* атауларының қалыптасуы мен дамуының географиялық негіздері қарастырылып отыр.

Жем (Ембі) өзені – Мұғалжар тауларының батыс баурайынан басталады және Атырау облысының Каспий теңізінен шамамен

* Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

** Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің

5 шақырымдай жердегі сор арасына сіңіп кетеді. Өзен ұзындығы – 712 шақырым, су жинағыш көлемі 40,4 мың шаршы шақырым, Ақтөбе облысының шегінде – 34,8 мың шаршы шақырым. Өзен 30 шақырымнан астам 12 саланы қабылдайды, олардың ішіндегі ірісі – Темір өзені, оның ұзындығы 212 шақырым. Жем өзенінің бастауындағы судың минералдануы су тасыған кезеңдерде 0,18...0,20 г/дм³, сабасында 0,65 г/дм³, төменгі ағыста кейде 1,0 г/дм³, көбіне 1 г/дм³ жетеді. Жемнің жоғарғы ағысындағы ені 25...260 м, тереңдігі 1 м-ге дейін, кей жерлерінде тереңдігі 3 м-ге дейін жететін шұңқырлары бар, ағысының жылдамдығы жазда 0,1...0,2 м/с, көктемде 0,8 м/с, түбі құмды, қатты болып келеді. Тасау ауылынан басталатын Жемнің төменгі ағысы кеуіп қалады. Өзен арнасы меандрланған, көптеген тармақтарға және салаларға тарамдалған, олар жазғы ыстық түсісімен тайызданып кетеді де, бөлшектеніп жылымдарға айналады. Басты салалары: Темір, Атжақсы. Өзен негізінен қар суымен толығады. Жағалаулары жайпақ, кей тұстары құламалы келеді. Тереңдігі 0,5 м кешіп өтетін жерлер бүкіл өзен бойында кездеседі. Өзен жайылмасы ашық, енділігі 2 шақырымға дейін және ұзына бойы биіктігі 14 м-ге дейінгі құлама жартастар шектелген, құмды-қиыршық тасты шөгінділермен толтырылған. Жайылмада ескі арналар басымырақ. Еріген қар сулары негізгі қоректену көзі болып табылады, соның салдарынан жылдық ағынның елеулі бөлігі (65...93 %) көктемгі кезеңге келеді.

Жем өзенінің атауы ерте, ежелгі дәуірлердегі жазбаларда Сергис (Дейкс), орта ғасырларда Гем, Ембі (Эмба) деп аталса, қазіргі атауы Жем. Орыс тілінде Жем өзенінің атауы күні бүгінге дейін Эмба тұңғасында бұрмаланып келсе, жергілікті тұрғындар Ембі деп айтып та, жазып жүр. Бұл өзен атының орта ғасырда Гем аталғанын А. Левшин жазған болса, шығыс түркі тілдерінде кем – «өзен» мәніндегі сөз екенін В.В. Радлов айтқан болатын. Осы және басқа пікірлерге сүйене отырып, А. Әбдрахманов: «Сібірдегі түркі халықтары Енисей өзенін «Кем», «Гем» дейтіні де белгілі. Сондықтан бұл өзен аты гем деген сөзбен қазақ тілінде дыбыстық өзгеріске түсіп, дауыссыз «г» дыбысы ұяң, дауыссыз «ж» дыбысына ауысып, Жем аталып, «өзен» мағынасын білдіруі мүмкін», – деп дұрыс ұйғарымға келген. Жем өзенінің атауы Алтай дәуіріндегі атауға жатқызылады [4]. Тува тілінде Кем, Хем – «өзен» құрамында Кем сөзі бар өзен, көл атаулары Тува мен Алтайда көптеп кездеседі. Мысалы, *Бий-Кем*, *Улуг-Хем*, *Ак-Кем*, *Кара Кем*, т.б. Басқа нұсқаларда *Ембі* атауы XVII-XVIII ғғ. көшпелі оғыз тайпаларының заманында қалыптасқан деп келтіріледі.

1728 жылы қалмақ қысымынан Кубан және Қара теңіз жағалауының солтүстігіне қоныс аударған Ноғай-жембойлықтар тайпасы да осы аймақты мекендеген деген жорамалдар бар.

Аңыз желісі бойынша ертеде Ресейдің өлкетанушылары ат көліктерімен Ембі өлкесін аралаған. Көктемде Мұғалжар тауынан бастау алатын өзен арнасынан асып жатқан кез екен. Өзеннен өткел таба алмай жүрген жолаушылар кездескен жергілікті қазақ ақсақалынан жөн сұрайды. Картаға түсіру үшін: «Мына өзен қалай аталады?», – деп тілмаш арқылы сұрақ қояды. Ақсақал тілмашқа: «Сұрап тұрғаныңыз Жем ба?», - деген кезде олар карталарына орыс тілінде ыңғайластырып «Эмба» деп белгілеген екен. Ембі қаласы темір жол бойында орналасқан. Ембі өзен атауы ретінде де қолданыс тапқан. Жем - мал азығының жалпы атауы. Махмұт Қашқари сөздігінде Жем «йем», яғни, ас, тағам деген мағынаны білдіреді. Түркі тіліндегі «йем» сөзімен Жемді байланыстырады.

Әулие өзені – Мұғалжар ауданындағы өзен, Жемнің сол жақ саласы, ұзындығы 57 шақырым, су жиналатын алабы 619 шаршы шақырым. Мұғалжар тауының батыс беткейінен басталып, Жем өзеніне құяды. Көктемде еріген қар суымен толығады. Эвфемизм мен діни нанымдарға байланысты да атаулар бар. Әулие атауы аумақта бірнеше әулиелер жерленгендіктен берілген («Қыз әулие», «Актікенді әулие», т.б.). Жергілікті тұрғындар Әулие өзенінің суы шипалы, қасиетті, құдыретті өзен деп бағалайды.

Жайынды өзені Жем алабында, Атжақсы өзеніне құяды. Өзенде жайынның көп болуына байланысты қойылған атау. Топоним балық атауына -ды қосымшасының жалғануы арқылы жасалады.

Жалаңаш – Жем өзенінің оң жақ саласы. «Ағашы жоқ немесе өсімдік өспеген жер» мәніне ие болады.

Шатырлысай өзені – Байғанин ауданындағы Жем алабында орналасқан. Ұзындығы – 92 шақырым, су жиналатын алабы – 1220 шаршы шақырым. Мұғалжар тауының оңтүстік-батыс бөлігіндегі бұлақтардан басталып, Жарқамыс ауылынан 10 шақырымдай жоғары тұстан Жем өзеніне құяды. Аңғары кең, арнасы тік жарлы. Жауын-шашын, жер асты суымен толығады. Көктемгі қар еру кезінде ғана тұрақты ағын болады, жазда иірімдерге бөлініп қалады. Өзен негізінен Шытырлысай деп аталған, себебі өзен жағасында «шытыр шөбі» кең таралған. Шытыр өсімдігі түйе жайылымына жайсыз, шөпті жеген түйе жарылып өлетініне байланысты «Шытырлысай» аталған. Бірақ кейін Шытырлысайдың «ы»

әрпі «а» әрпімен алмастырылып Шатырлысай болып өзгеріске ұшыраған. Жарқамыс өңірінде өзенді Шетірлі сай деп те атайды.

Құндызды өзені тарихи жазба деректерде «құндыз» сөзі ежелден-ақ орысша «бобр» деген сөздің аудармасы екендігіне көптеп мысалдар келтіруге болады. Мысалы, М. Қашқаридың атақты «Түркі тілдерінің сөздігі» атты еңбегінде «құндыз – су иті», ал «құндыз қайыр» – «құндыздың жыныс безінен алынатын дәрі» деген анықтамалар келтірілген. Бұл пікірлер тікелей құндызға байланысты айтылған. Өйткені ерте кездерде құндызды «су иті» деп аталғандығын XI ғасырда өмір сүрген орта азиялық көрнекті ғалым әл-Бирунидің фармакология (дәрі-дәрмек) туралы еңбегінде құндызды «су иті», оның жұпар безінен құндыз қайыр алынатындығы, оны буын ауруларын емдеу үшін пайдаланатындығы атап көрсетілген. Ертедегі араб және түрік саяхатшыларының жолжазба күнделіктерінде құндызды «су мысығы» деп те атаған. XVII ғасырда түрік жиһанкесі Э. Челеби Дон (Дөң) өзенінің өңіріне жасаған саяхаты кезінде «етті жануар – су мысығын» көптеп көргендігін және оны жергілікті тұрғындар «кунтуш» деп атайтындығын атап жазған. Құндыз ерте кездерде Қазақстанның өзен-көлдерінде кеңінен таралғандығына археологиялық қазбалардан табылған құндыз сүйектерінің қалдықтары және құндызға тікелей қатысты қойылған өзен атаулары да нақты дәлел бола алады. Елімізде ірілі-ұсақты 20-дан астам өзендер «Құндызды» деп аталады [1].

Темір өзені – Жем өзенінің оң жақ саласы. Өзеннің ені 35...40 м, жекелеген телімдерде 50 м-ге дейін, тереңдігі 0,6...4,0 м-дей. Су тасқыны кезінде су 1,5...2,0 м-ге көтеріледі. Өзен арнасы меандраланған. Сабалы кезеңде өзен ені 15...20 м-ге жетеді, тайыз жерлердегі тереңдігі 0,5...0,8 м-дей, терең суларда 2,0...5,0 м-ді құрайды, ағысының жылдамдығы 0,1...0,3 м/с. Түбі құмды, қатты, өткелдерге арналған тайыз жерлер тереңдігі 0,3...0,5 м. Темір өзенінің салалары іс-жүзінде ендік бағыт алған, әлсіз өңделген арналары тар, иреленді, үзік-үзік ағыспен терең енген, жағалары құмдақты-саздақты. Темір өзенінің арнасы өңделген, оған екі жағынан ішінара батпақтанған жайылма және жайылма үстіндегі екі терраса кіреді. Жайылма ашық, ені 1...3 шақырым. Жағалаулары төмен, жайпақ, баурайлардың тіктігі орташа есеппен 20 градустан аспайды, кей тұстарында тік жарлар кездеседі. Көкжиде құмының ауданында ғана сол жақ жағалауы биік, тік. Темір өзенінің қоректену көзі қар, жаңбыр суларымен толығады. Жер асты суларының рөлі мардымсыз. Ағынның режимі жоғарылығымен,

бірақ көктемгі тасқынның қысқалығымен және сабасының өте төмендігімен сипатталады. Көктемгі су тасқыны наурыздың аяғында немесе сәуірдің басында басталады, көзге түсерлік бір екпінде өтеді. Су тасқынының орташа ұзақтығы 42 күн, деңгейдің көтерілуі 6...7 күн ішінде қарқынды өтеді және ең жоғары биіктігіне жетеді. Көпжылдық мәліметтер бойынша көпжылдық орташа деңгейі 421 см тең, ең жоғарғысы – 696 см, ең төменгісі – 271 см. Көкжиде құмының ауданында өзен тасыған су жайылымының кең алқабымен сипатталады. Аңғардағы тасқын судың басу алаңын азайту үшін суды маусымдық өзеннің арнасына канал арқылы бұрады. Тасқын суларды ұңғымадан бұру үшін айналып өту бөгеті салынған. Өзеннің көпжылдық орташа шығыны 4,88...5,04 м³/с құрайды, ағынның модулі 1 шаршы шақырымға 0,72 л/с, ағын қабаты – 23 мм-ді құрайды. Жылдық ағынның негізгі үлесі (85 %) көктемгі су тасқынына келеді, ең жоғары су шығыны 732 м³/с тең. (1962 ж.) Жазғы саба шілденің аяғында басталады, ең төмен деңгей шілде-тамызда байқалады. Алғаш рет мұз қарашаның басында пайда болады, мұз басу қарашаның ортасында басталады және 145 күнге созылады. Мұздың қалыңдығы ақпанда 0,5 м-ге жетеді, наурыздың аяғында еріп, сең жүре бастайды. Соркөл ауылынан солтүстікке қарай суландыру жүйесі салынған, оған су Темір өзенінен ағып келеді. Өзен суы тұщы, сапасы жақсы. Ұзақ жылдар бойы Темір атауымен уезд, аудан аталып келген. «Темір» атауы ерте кездегі аңыз-әңгімелерде, жыр, поэмаларда кездеседі. «Қобыланды батыр жыры», «Ақсақ Темір аңыздары» бойынша бұл сөздің шығу төркінін зерттеушілер Алтын Орда хандығын құлатқан Ақсақ Темір жорығымен байланыстырады. Атаудың шығу тегі судың құрамындағы темір тотығына байланысты болуы әбден ықтимал.

Атжақсы өзені – Жем (Ембі) өзенінің сол жақ саласы болып табылады. Өзеннің ұзындығы 54 шақырым, су жинағыш алаңы 470 км². Жазда өзен кезектесіп орналасқан, түбінің құрғақ телімдері бар терең сулардан тұрады. Жазғы сабада ағын сирек байқалады. Қыста өзен қатып қалады. Су шығыны мол тасқын кезінде жайылма мен оған іргелес жатқан аймақтың су астында қалуы байқалады. Өзен суландыру және мал суаты үшін пайдаланылады. Қазақ халқының төрт түлік мал жөніндегі нақты мәліметтері мал түрлеріне, жас және физиологиялық ерекшеліктеріне, малмен байланысты нақты оқиғалар мен іс-әрекеттер негізінде географиялық атауларда көрініс тапқан. Жылқыға жайлы, адамға сайлы суды *Атжақсы* деп атауында мән бар, жайылған жылқының түгін тартсаң

майы шығады, яғни атқа *жақсы* жер екен деген ұғымнан *Атжақсы* атауы қалыптасқан деуге болады.



Жем өзені



Көкжиде құмын бойлай аққан Жем өзені



Темір өзені



Үшқаттысай

Сурет.

Ащысай – Байғанин ауданындағы өзен. Жем өзеніне оңтүстік шығыстан кеп құятын терең сай Ащысай деп аталады. Жарқамыс ауылдық округіне қарасты аймақтан өтеді, қар ерігенде немесе нөсер жаңбыр жауған кезде сай тасып, суы өзенге құяды, сай бойы жағалай бұлақ болғандықтан шөбі қамыс, қоғалы болып келеді. Бұлақ сулары өте ащы, себебі сай тұзды сорлы. Ащысай – «ащы» термині судың, жердің тұздылығынан хабар береді. Ащы мен ащылауыт жайылымдар ретінде өзен аңғарлары мен жайылмаларында, сорлардың ойыстарында орналасады. Жайылымдық термин ретінде малшылар арасында қолданылады: «мал ащыда жатыр» дегенді жиі естуге болады.

«*Жағабұлақ*» атауы Жем өзені жағасында мол бұлағы болғандықтан аталған. Поляк саяхатшысы Б. Залесский өз еңбегінде Мұғалжар тауынан бастау алатын Ащысай, Қайыңды, Атжаксы, Қайрақты, Темір өзендерін сипаттай келе, Мұғалжар тауы маңында өсетін жабайы өрік ағашын көргенін және ол ағашты жергілікті халық киелі деп танығаны туралы деректер келтіреді [5].

Көкпекті – Мұғалжар ауданынағы өзен. Жем өзені алабында. Ұзындығы 56 шақырымдай. Су жиналатын алабы – 1750 км². Бастауын Мұғалжардағы Жамантаудың батыс беткейіндегі бұлақтардан алып, Ескімола тауынан 10 шақырым жерде Атжаксы өзеніне құяды. Арнасы

тар, көктемде тасиды. Саралжындысай (саралжын жусанның атымен байланысты), Ақшолақ, Байсары салалары бар. Жайылмасы шабындық. Мал жайылымына қолайлы, оты мол, сулы болғандықтан «Көкпекті», «Көкпекті тоғай» аталған.

Ақшолақ (дауыл) – Мұғалжар ауданындағы өзен. Жем алабындағы Атжақсы өзенінің оң жақ саласы. Ұзындығы – 52 шақырымдай. Су жиналатын алабы – 736 км². Қар, бұлақ суларымен толығады. Көктемде тасып, жаздың ыстық айларында құрғап қалады. Алабында мал жайылады.

Үшқаттысай атауы Жем өзеніне құятын үш саланың (Құндызды, Әулие, Үшқатты) атауымен аталған. Бұл сала ең қатты таситын болған, қазір де оның табанында тереңдігі 70 м алатын шөгінді құм, малтатастар жатыр. Сайларында үшқаттың көптеп өсуіне байланысты аталған деуге болады.

Шаған өзені – су наурызда және сәуірде болады, тереңдігі 1 м-ге дейін, арнасының ені 20...40 м-дей, түбі қайырлы, кей тұстары құмдақты келеді. Мәнісай сайына қосылғанға дейін өзеннің жағалаулары құлама жартасты, биіктігі 4 м-ге дейін. Арнасының жекелеген терең жерлерінде су күзге дейін сақталады. Қазақстанда «Шаған» деп аталатын өзендер көп кездеседі. Орысша «ясень» деп аталатын шаған ағаштары қазір облыс аумағында сақталмаған. Бірақ өзен атауы осы ағаштың аймақта өскендігін білдіртуі мүмкін. Аридті климат жағдайында шаған тек өзен бойларындағы тоғайлық ассоциацияларда ғана кездесуі мүмкін. Қазіргі жерлердің деградациясы немесе шөлдену үдерісі кейін ағаштың жойылуына әкелуі ықтимал. Біздің пікірімізше реликті «шаған» өсімдігінің (фитотопоним) өзен маңында көптеп өскендігінен хабар береді. Басқа деректер атау этимологиясын түсіндіруде бір-біріне мүлде қайшы келетін пікірлер кездеседі. Мысалы, Ғ. Қоңқашбаев Шаған атауын моңғолдың «цаган» (ақ) сөзінің бұрмаланып, өзгерген нұсқасы ретінде қарастырады [6]. Е. Қойшыбаев «шаған» сөзін ерекше белгілерді ажырату үшін қолданылатын «шыған» сөзінің баламасы ретінде қарастырып, гидронимдер ретінде көршілес нысандардан айқын ажыратылатын белгілердің бар екендігінен хабар беретінін атап өтеді [7].

Мәнісай өзені – су көктемде (сәуір-мамыр) ғана болады. Басқа уақыттарда су терең жерлерде ғана сақталады, арнасының ені 18 м-дей, жағалаулары тік, біраз жерінде құлама жартасты, тік жарлардың биіктігі 8 м-ге дейін. Шошқакөл соры аймақтағы жабайы шошқа доңыздардың кең таралуына байланысты қойылған болуы мүмкін, көктемде және күзде су толады, бірақ шілдеде сор кеуіп қалады. Тұзданған топырақ тереңдігі

1,5 м-дей. Кепкен кезде торсиған қабықтың астында қара түсті балшық сақталады. Ел аузында Мәнісайды «Мәңке сай» деп те айтылады.

Құмжарған «құм» терминімен байланысты атаудың лексикалық-семантикалық топтамасында құмдардың сипаты оронимдер құрамындағы анықтауыштардан айқын көрінеді. Атау құмды жарған өзен мағынасын береді.

Талдысай (Талдысу) – шөл, шөлейт белдемдердің ағашсыз ландшафтары жағдайында өзен бойларындағы азоналды тоғай бірлестігін құрайтын кейбір ағаш түрлері ерекшеленіп, өзен атына негіз болған.

Жер-су атаулары – мыңдаған жылдар жемісі. Олар халқымыздың бай тілінің негізінде жасалып, халықтың тарихымен байланыса дамыды. Жер-суға берілген атаулар ең алдымен ұлан ғайыр өлкеде көшіп-қонып жүрген қазақ халқының және оны құраған ру, тайпалардың өмірінен сыр шертеді. Жер-су аттары белгілі бір аймақтың жер бедерінен, ауа райының ерекшеліктерінен, жануарлары мен өсімдіктерінен, өзен-көл сипатынан, табиғат байлықтарынан да мағлұмат береді [2]. Аумақта кездесетін фитонимдер мен зоонимдерге талдау жасау барысында реликті маңызы бар *қандықарағаш, қызылқайың, шаған* атаулары осы ағаштардың бұрынғы ареалын анықтауға мүмкіндік берсе, ал *құндызды, бұғылы, құланды, шошқалы, маралды* сияқты зоонимдер жиынтығы бір кездерде осы жануарлардың осы аумақтарда тіршілік еткендігінен мол ақпарат береді, реконструкцияға (қалпына келтіру) алғышарт жасады [8].

Көшпелі мал шаруашылығын жүргізу барысында жергілікті жердегі су нысандарының сипатына ерекше көңіл бөлініп, олардың маусымдық, аумақтық, ерекшеліктері жөнінде мәліметтер жинақталды. Уақыт өте келе жергілікті жердегі табиғат жағдайлары өзгеруі мүмкін, сондықтан жер-су аттарының құрамындағы терминдер байырғы ландшафттар туралы мәлімет берері сөзсіз. Су көздері атауларының кеңістікте таралуы мен шоғырлануына ықпал ететін факторлар анықталды. Гидронимдер құрамындағы терминдердің белсенділігі нақты жер бедерінің сипатымен өзара байланыстылығы қарастырылды.

Қорыта келе, Жем өзенінің топожүйесіндегі қазақ тіліндегі топонимдерде, әсіресе микротопонимдерде ландшафттың жергілікті халықтың шаруашылық әрекеті мен тұрмысында маңызды орын алатын ерекшеліктері ғана көрініс тапқан деуге болады. Зерттеу барысында өзен атаулары мен терминдердің қалыптасуы мен дамуының географиялық негіздері қарастырылды. Өзен топожүйесінде табиғат жағдайларымен байланысты атаулардың физикалық география үшін маңызды

географиялық жағдайлар, табиғи орта, шаруашылықтың мамандану тәрізді факторлар гидрографиялық, геоморфологиялық терминологияның жіктелуіне себепші болып, олардың негізінде пайда болған атаулардың өзіндік ерекшеліктерін қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі. – Ақтөбе: 2007. – 270 б.
2. Аяпбекова Ә.Е. Батыс Қазақстан аймағының ландшафт ерекшеліктерін анықтайтын топонимдер бірлестігі // География ғыл. канд. ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Алматы: 2002. – 27 б.
3. Жекулин В.С. Историческая география. Предмет и методы. – Л.: Наука, 1982. – 224 с.
4. Каймулдинова К. Қазақ топонимдерінің этноэкологиялық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2001. – 92 б.
5. Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – Алма-Ата: Наука Каз.ССР, 1974. – 275 с.
6. Конкашпаев Г.К. Общие особенности тюркоязычной географической терминологии Средней Азии и Казахстана // Вопросы географии. – 1970. – Сб. 81. – С. 174-179.
7. Назарчук М.К., Сергеева А.М., Абдуллина А.Ғ. Ақтөбе облысының географиясы. – Ақтөбе: 2012. – 318 б.
8. Сапаров Қ.Т. Қазақстан топонимдерінің қалыптасуы мен дамуының географиялық негіздері (Шығыс, солтүстік-шығыс өңірлері мысалында). // географ.ғыл. док. ғыл.дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация авторефераты. – Алматы 2010. – 32 б.

Поступила 10.04.2014

Доктор геогр. наук
Канд. геогр. наук

Қ.Т. Сапаров
А.М. Сергеева
И. Бекзатқызы

ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ТОПОСИСТЕМЫ РЕКИ ЖЕМ

В статье рассматривается топонимика бассейна р. Жем. Топогеосистемный подход изучения основан на историко-географическом аспекте. А также рассмотрены взаимосвязи гидронимов с топонимами.